

# СӨЖ

Акупунктура. Акупунктураны медицинада қолдану. Биологиялық активті үкшелер.

орындаған: Кенесбеков Р.М  
тексерген: Қайратұлы Б.

# жоспар

- Кіріспе. Акупунктура туралы анықтама.
- Негізгі бөлім . Акупунктура тарихы, оны медицинада пайдалану.
- Қорытынды.



# кіріспе

- белгілі бір нүктені инемен емдеу. Ине жүйке жүйесі арқылы гуморальдық, гормональдық факторларға әсер етіп, шартсыз рефлекс тудырады. Соның нәтижесінде дерттенген ағзалар мен тканьдердің қызметтегі қалпына келеді.
- Рефлексотерапия – инелердің арнайы медициналық акупунктураларының көмегімен организмнің биологиялық белсенді нүктелеріне әсер ету арқылы денсаулықты емдеудің және нығайтудың ғылымы мен өнері.
- Рефлексотерапия алдын алу үшін – босаңсу және организмге өмірлік тонус пен белсенділік беру үшін жақсы келеді.

# Емшаралар

- **Су Джок терапия** –табанда және қолда орналасқан нүктелердің микрожүйесіне әсер ету үшін қолданылатын әдіс.
- **Емдік әсер ету** – инелердің көмегімен биологиялық белсенді нүктелерге әсер етеді, ол организмнің күшін жұмсайды және оларды сырқаттан арылуға жібереді.

# Негізгі бөлім

- СССРО-да, соның ішінде Қазақстанда тарихи қалыптасуы мен медицинаның даму ерекшелітеріне байланысты шығыс медицинасына акупунктура емдей әдісі (инешаншу мен күйдіру) кеңінен орын алып отыр. Бүгінгі таңда су-джок, мануальды терапия мен остеопатия, ци-гун фиторапия, шығыс массажы өте жылдам дамып келе жатыр

# Қазақстанда дамуы

- Алғашқы рет Қазақстанда бұл күрделі мәселенің құқықтық және юридикалық нормативтері толығынан шешілді. Республика көлемінде «Шығыс медицина» мамандығы бойынша дипломға дейінгі білім берудің типтік және жұмыс бағдарламалары құрастырылды. Олар Қытай халық республикасының, Монғолия, Индия, Тибет медициналық мектептерінің, Қазақстандағы жоғарғы медициналық оқу мекемелерінің оқу бағдарламаларының негізінде құрастырылды. Осы негізгі құжаттарға сүйене отырып 1995 жылы «Шығыс медицина» — 0407 мамандығы бекітілді, ал 1996 жылы қазақстан республикасының негізгі жоғарғы медициналық білім Мемлекеттік стандарты қайта қаралды.

# Зерттеу жүргізу

- Қазіргі кезде бүйрек жетіспеушілігі өте жиі кездесуімен алаңдатып отыр. Бүйрек жетіспеушілігі кезінде негізінен бүйрек тіндері, ұлпалары бүлініп, оның жұмысы бұзылады. Сондықтан зат алмасу кезінде іріктелген улы заттардың ағзадан шығарылуы баяулайды, бірте—бірте ағза улана бастайды. Осындай жағдайларды ескере отырып, жасөспірімдік шақтан бастап денсаулықты қадағалап, оған аса көңіл бөлген жөн. Салауатты өмір салты - белгілі популяцияның денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлқы, тәрбиесі болып табылады деуге болады.

# Зерттеу барысы

Зерттеу жұмыстарына 9-8 сыныбында оқитын 6 – жасөспірім қатысты. Жұмыстың негізі қалыпты жағдайдағы және бүйрек ауруы кезіндегі жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне сәйкес биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіші бойынша зерттелді.

Ағзадағы биологиялық активті нүктенің температуралық көрсеткіші ҚАЗҰУ–де арнайы тапсырысымен жасалған «Биотемп – 2» аспабы арқылы өлшенді.

Жұмыстың барысында ағзадан 8 биологиялық активті нүктелер алынды. Алынған БАН-ның бүйрек мүшесімен тікелей байланысы болатын меридиандардың биоактивті нүктесі болып табылады. Олар: 1-С7 Шэнь-Мэнь, 2-Р9 Тай-Юань, 3-Г14 Хэ-Гу, 4-Р1 Юн-Цюань, 5-Р2 Жань-Гу, 6-V67 Чжи-Инь, 7-F2 Син-Цзянь, 8-РР2 Да-Ду. Зерттеу жұмысы 2 топтағы жастардың биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіштері өлшенді.

Алынаған мәліметтер статистикалық өңдеуден өтті, Студенттің t- критериясы бойынша анықталды.



# Зерттеу нәтижелері

- Қалыпты жағдайда жасөспірімдердің ағзасындағы биоактивті нүктелердің (БАН), яғни, арнайы таңдап алынған 8 бионүктелерде: *S7 Шэнь-Мэнь, P9 Тай-Юань, G14 Хэ-Гу, R1 Юн-Цюань, R2 Жань-Гу, V67 Чжи-Инь, F2 Син-Цзянь, RP2 Да-Ду* – температурасы ( $T^{\circ}$ )  $29,03, 32,9^{\circ}\text{C}$  аралықтарында тербеледі. Бүйрек патологиясы кезінде жасөспірімдердің ағзасындағы биоактивті нүктелердің температура көрсеткіштерінің жоғарылағаны дәлелденді

- Температура көрсеткіштері БАН *C7 Шэнь-Мэнь* - 33,2°C, БАН *P9 Тай-Юань* - 33,6°C, БАН *G14 Хэ-Гу* - 33,2°C, БАН *R1 Юн-Цюань* - 31,03°C, БАН *R2 Жань-Гу* - 31,4°C, БАН *V67 Чжи-Инь* - 29,06°C, БАН *F2 Син-Цзянь* - 31°C, БАН *RP2 Да-Ду* - 29,9°C температуралық көрсеткіштері тіркелді.

Қалыпты жағдаймен салыстырғанда статистикалық сенімділік ( $p < 0,05$ ) анықталды, мәндердің жоғарылағаны анықталды. Бұл патологиялық өзгеріске ұшыраған бүйректің басқа органдарына өз жанама әсерін тигізіп тұрғанының көрінісі деп айтуға да болады, себебі таңдап алынған биоактивті нүктелердің тиесілі органдары бүйрек органымен өзара байланысы барлығын сеніммен айтуға болады.

# Қорытынды

- Биологиялық активті нүктелер — денедегі ерекше нүктелер. Олар спектрлік потенциалы, зат алмасуы, қызуы жоғары, ал электрлік кедергісі төмен, өте сезімтал клеткалардан тұрады. Биологиялық активті нүктелерден оттегі жедел сіңіріліп, көмір қышқыл газы тездетіп шығарылады. Адам денесінде 700 — 1000 биологиялық активті нүктелер табылған. Олар белгілі бір жүйемен орналасқан, әрқайсысы белгілі бір мүшемен байланысты. Әр нүктенің тітіркенуі ерекше сезім тудырады. Ауырған адамды емдеу осыған негізделген. Биологиялық активті нүктелерді күміс, ванадий, сүйектен жасалған инемен сұғып тітіркендіреді немесе қыздырады. Сондай-ақ, биологиялық активті нүктелерді импульстік тогымен тітіркендіру әдісі де бар.